

Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы ұлгідегі интернат үйлері туралы Ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134-П бүйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 2 қазанда тіркелді. Тіркеу N 379. Бүйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бүйрығымен

Ескерту: Бүйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бүйрығымен (2005 жылғы 13 желтоқсандағы "Заң газетіндегі" N 168(792) жарияланған).

-----***Бүйрықтан үзінді***-----

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің "Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бүйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір күші жойылған бүйрықтарының тізімі

...

3. "Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы ұлгідегі интернат үйлері туралы ереже" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134-б бүйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіндегі 1997 жылғы 2 қазандағы 379 тіркелу нөмірі...

I. Жалпы ережелер

1. Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы ұлгідегі интернат үйі, пансионат (бұдан әрі - интернат үйі) күтім жасауды, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуді, әлеуметтік еңбек арқылы бейімделуді қажет ететін қарттар мен мүгедектердің тұрақты тұратын жеріне айналған дәрігерлік-әлеуметтік мекеме болып саналады.

2. Интернат үйі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімі бойынша Астананың, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

3. Интернат үйі өз жұмысында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің заң және басқа да нормативтік-құқықтық актілері мен бұйрықтарын және астаналық, облыстық, Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының нұсқамалық материалдарын басшылыққа алады.

4. Интернат үйі өз жұмысын бағыныстырығы бойынша жоғары тұрган ұйымның басшылығымен жүзеге асырады.

5. Астаналық, облыстық және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары тиісінше Алматы қаласы мен облыстардың аумағында орналасқан қарттар мен мүгедектер интернат үйлерінің қызметіне басшылық жасайды.

Астаналық, облыстық интернат және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары интернат үйлеріне орналастыруды қажет ететін азаматтарды әлеуметтік көмек көрсету бөлімдері арқылы анықтайды, тізімін жасайды, оларды осы мекемелерге жіберу үшін қажетті құжаттарды әзірлейді және интернат үйінің жұмысына бақылау жасап, оларға көмек көрсетеді.

6. Интернат үйлері жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады, өзінің жылдық шығын сметасы бар занды мекеме болып саналады, қазақ және орыс тілдерінде өзінің аты жазылған мөрі мен бұрыштамасы, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша бекітілген штаттық кестесі бар.

7. Интернат үйінің бюджеттік қаражатынан басқа интернат үйінің "Ақылы қызмет көрсетулерден түсетін қаражат" деген ағымдағы шотына аударылатын және мақсатты орны бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, тамаққа, медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізуға, еңбекпен емдеу шеберханаларын, қосалқы шаруашылықты дамытуға, еңбек процестеріне белсенді қатысушы қамқорлықтағыларды мадақтауға, қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалатын, жарғылық мақсаттарға сәйкес зандарда белгіленген тәртіппен қосалқы шаруашылықтың, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметінен, ақылы қызмет көрсетулерден алынатын қаражаттары болуы мүмкін.<*>

Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінің жанынан мемлекет қамқорлығындағы адамдардың негізгі санатына зиян келмейтіндей және интернат үйіне орналасатын адамдар кезегі болмаған жағдайда тұрмыстық және медициналық қызметке мұқтаж қарт азаматтардың уақытша және тұрақты тұруы

үшін ақылы бөлімшелер ашуға жол беріледі.

Жеке және заңды тұлғалардан демеушілік және қайырымдылық көмегі ретінде түсстін қаражаттар интернат үйінің шотына демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету үшін аударылады және олар өз бағытында жұмсалады.<*>

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қантардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

8. Интернат үйіне атау облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімшіліктердің шешімі негізінде беріледі.<*>

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қантардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

9. Интернат үйі үлгілі жоба бойынша арнайы салынған үйлерге немесе санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы талаптарға және техника қауіпсіздігіне сай келетін және карт адамдар мен мүгедектердің тұруы үшін барынша жағдайлар жасалған қажетті бөлмелері бар және коммуналдық жайластырылған кешенді Үйлерге орналастырылады .

10. Жақсы күтім мен медициналық қызметті ұйымдастыру, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен емдеу жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін интернат үйінде тұратындар бөлімшелер мен бөлмелерге денсаулық жағдайына, жасына, жынысына, кәсібіне, жеке мүдделеріне қарай орналастырылады .

11. Интернат үйінде тұратындарды еңбекпен емдеу, әлеуметтік бейімдеу және денсаулығын түзеу үшін интернат үйінде емдеу-өндірістік (енбек) шеберханалары, сондай-ақ қосалқы ауыл шаруашылығы құрылады.

Емдеу-өндірістік (енбек) шеберханалары, сондай-ақ қосалқы ауыл шаруашылықтары өз жұмысын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекітетін Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

12. Интернат үйінде тұратындарға медициналық қызмет көрсетілу сапасына, санитарлық-гигиеналық режимнің сақталуына және арнайы медициналық қызметтің көрсетілуіне денсаулық сақтау органдары белгіленген тәртіпте бақылау жасайды.

2. Интернат үйінің міндеттері мен қызметтері

13. Интернат үйінің басты міндеттері:

- карттар мен мүгедектерді материалдық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету , олар үшін үйдегі жағдайға жақындау келетін ыңғайлы тұрмыс жағдайын жасау;

- сонда тұратындарға күтім жасауды ұйымдастыру, оларға медициналық көмек көрсету және мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізу;

- мүгедектерді әлеуметтік-тұрмыстық және еңбек арқылы оналтуға бағытталған шараларды жүзеге асыру.

14. Интернат үйі негізгі мақсаттарына сәйкес:

- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Астананың, облыстардың және Алматы қаласының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының жолдамасымен келген қарттар мен мүгедектерді қабылдауды;

- қарттар мен мүгедектерге күтім жасап, тұрмыстық қызмет көрсетуді, оларға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен нормаларға сәйкес үй жиһаздары мен муліктері бар үй беруді, төсек-орындар, аяқкиім және киім б е р у д і ;

- оларды денсаулығы мен жас мөлшерін ескере отырып ұтымды және диеталық тاماқтандыруды үйымдастыруды;

- шағын ахуал жасап, қызмет көрсетудің белгіленген режимдерін сақтауды;

- диспансерлеуді, емдеуді, мамандардың медициналық көмек көрсету кеңестерін үйимдастыруды, сондай-ақ науқастарды денсаулық сақтау органдарының емдеу-алдын алу мекемелеріне орналастыруды;

- санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізуді;

- қарттар мен мүгедектердің жеке басы мен әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешенін және дәрігердің келісімімен - белсенді т е р а п и я н ы ж ү р г і з у д і ;

- мұқтаж қарттар мен мүгедектердің көзілдіріктермен, есту аппараттарымен, протез-ортопедия заттарымен, сондай-ақ кресло-арбалармен қамтамасыз етуді;

- жас мүгедектерді интернаттың емдеу-еңбек шеберханалары мен қосалқы ауыл шаруашылығы базасында еңбекке баулуды және кәсіптік оналтуды;

- жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттар мен мүгедектердің денсаулық жағдайы мен жасын ескере отырып мәдени-бұқаралық жұмыстарды ұ й ы м д а с т ы р у д ы ;

- қарттар мен мүгедектерге қызмет көрсету, оларды осы интернаттарда ұстая мен оларға күтім жасау сапасын жақсарту, қызмет көрсету жұмыстарының озық нысандары мен әдістерін енгізу жөніндегі шараларды;

- қызмет көрсететін адамдар еңбегін үйимдастыруды және оның біліктілігін көтеруді, шағын механика құралдарын енгізууді;

- қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі қайырымдылық қоғамдары мен қорлар көмегін интернат үйінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға және оны жайластыруға жұмсауды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

15. Интернат үйінің қаржы-шаруашылық жұмысы бекітілген шығындар сметасына сәйкес жүзеге асырылады. Осы мақсаттарда Интернат үйінің ә к і м ш і л і г і :

Интернат үйін материалдармен, жабдықтармен, құрал-жабдықтармен, отынмен, киім-кешекпен, аяқ киіммен, төсек-орынмен және басқа да мақсатты

пайдаланылатын заттармен қамтамасыз етуді;
жергілікті бюджеттер бөлөтін мемлекеттік қаражатты интернат үйін ұстауға жұмсауды және оларды өз мақсатында пайдалануды; еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, техника қауіпсіздігін, өртке қарсы шараларды сақтауды;

үйлерді, ғимараттарды, коммуникацияны қайта жасауды, сондай-ақ өз уақытында күрделі және ағымдағы жөндеуді; негізгі қорларды ұтымды пайдалануды және қосалқы қызметтердің барлық түрлерінің кідіріссіз жұмысын;

аумақты жайластырып, көгалдандыруды, іске жарамсыз болып қалған заттарды белгіленген тәртіпте істен шыгаруды; бухгалтерлік, оперативтік және статистикалық есептерді жүргізуі, есепті бекітілген нысан бойынша жасап, оны тиісті органдарға белгіленген мерзімдерде еткізу ді жүзеге асырады.

16. Интернат үйіне орналасуға келген әрбір қарт пен мүгедек адамға: жеке іс қағазы арналады, онда МӘСК-ның өтініші (N 1 қосымша) жолдамасы, мүгедектік тобы туралы анықтамасы, төлкүжаты сақталады; бүкіл медициналық құжаттары - оған ауру тарихынан көшірме, интернатқа орналасу үшін құжаты рәсімделетін қарт адамның (мүгедектің) ауру тарихынан көшірме, оның медициналық картасы (N 2 қосымша) тіркеледі, онда аясы тар мамандықтағы дәрігердің қорытындысы мен нұсқамасы, емдеу-алдын алу мекемесі рәсімдеген дәрігерлік кеңес комиссиясының интернат үйінің түрі көрсетілген анықтамасы тігіледі.

Жеке іс қағазы Интернат үйінің кеңесінде, жанбайтын арнайы шкафта, ал ауру тарихы дәрігердің кабинетінде сақталады.

17. Интернат үйінің әкімшілігі жалпы үлгідегі Интернат үйінде тұратын, қамқорлық пен қорғаныш жасауды қажет ететін, қозғалыс икемділігі шектелген адамдарды қамқорлыққа алу мен қорғаныш жасау міндетін заң белгілеген тәртіпте атқарады.

Астаналық, облыстық және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары интернат үйлеріндегі қамқорлықтағы адамдарға күтім жасалу, қамтамасыз етілу, оларға қызмет көрсетілу сапасына бақылау жасау үшін қоғамдық, кәсіподақтық және діни үйымдар қатарынан (кемінде 5 адамнан тұратын) қорғаныш кеңесін құрады.

3. Интернат үйіне қабылдаудың, онда күтім жасаудың және одан шыгарудың шарттары

18. Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі Интернат үйіне жалғызлікті, жасы зейнеткерлікке жеткен азаматтар, сондай-ақ жалғызлікті адамдар арасындағы 18 жастан асқан I-II топтардағы мүгедектер қабылданады.

19. Интернат үйіне қабылдау "Интернат үйіне қабылдаудың медициналық және медицинаға қайшы айғақтамалары туралы" Нұсқамаға сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Астаналық, облыстық және қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының жолдамасымен интернат үйіне қабылдау туралы өтініштің (N 1 қосымша), емдеу-алдын алу мекемесі ресімдейтін интернат-үйінің түрі көрсетілген медициналық картаның, мүгедектігі туралы (зейнеткерлік жасқа жетпеген адамдар үшін) МӘСК-ның анықтамасы негізінде жүргізіледі.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері, қатысуышылары және жеңілдік жағынан оларға теңестірілген адамдар Интернат үйіне бірінші кезекте қабылданады.

20. Жасы кәмелетке толмаған еңбекке жарамды балалары бар және оларды заң бойынша бағып тәрбиелеуге міндettі, бірақ олармен бір отбасында тұра алмайтын жекелеген қарттар мен мүгедектер интернат үйіне құны толық төленіп орналастырылуы Мұмкін.

21. Интернат үйлерінде тұратын адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақылар қолданылып жүрген зандарға сәйкес төленеді.<*>

Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда жазылды - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қантардағы N 21-О бұйрығымен V 0 0 1 0 8 6

22. Интернат үйінде тұратын азаматтарға жеке меншік заттарын пайдалану құқына, сондай-ақ азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген барлық құқыларына, соның ішінде дінге сенуде еркіндік құқына кепілдік беріледі.

23. Интернат үйінде келіп түскен азаматтардың қымбат заттары мен жинақ банкіне салынбаған бағалы қағаздарын интернат әкімшілігі олардың қалауы бойынша өзінің сақтауына оның иесі немесе оған мұрагерлік ие болу құқы туралы Заң тәртібімен берілген куәлігі бар адам сұратқанға дейін қабылдайды. Осы аталған құнды заттарды қабылдап алудың, сақтаудың, және оны қайтып берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жүйесінің мекемелері мен ұйымдарында ақ жаймаларды, төсек орындарды, киім-кешектер мен аяқиімдерді есепке алу жөніндегі нұсқаулық белгіледі.

24. Интернат үйінде тұрушуылар МӘСК-ның еңбек нұсқамасына және Интернат үйі дәрігерінің қорытындысына сәйкес емдеу-алдын алу шеберханалары мен қосалқы шаруашылық жұмыстарына, өзіне өзі қызмет көрсетуге қатысады.

Интернат үйінің емдеу-алдын алу шеберханалары мен қосалқы шаруашылықтары айналымдағы қаражатқа және қолданыстағы заңға сәйкес табыстан алынған түсімдер бойынша бюджетке төленетін салықтардан

б о с а т ы л а д ы .

Шеберханалар мен қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істегені үшін мүгедектерге еңбек заңдарына сәйкес жалақы төленеді.<*>

Ескерту: 24-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен

V 0 0 1 0 8 6 _

25. Интернат үйінде тұратын қарттар мен мүгедектер қолданыстағы заңға сәйкес егер жұмысы олардың денсаулығына зиян келтірмейтін болса кіші қызмет көрсетуші және жұмысшы ретінде жұмысқа алынады және оларға істеген жұмысына қарай тепе-тең мөлшерде еңбекақы төленеді.

26. Жалпы үлгідегі интернат үйінен қарттар мен мүгедектер психикалық-жүйке аурулары үйіне психиатриялық ауруларды қарайтын мекемелердің берген дәрігерлік қорытындысына және жоғары ұйымдардың өкіміне сәйкес аудостырылады.

27. Қарттар мен мүгедектерге жеке басының себептеріне байланысты интернат үйінен алып жүрген зейнетақысын 100% алып уақытша үш айға шейін кетуіне рұқсат беріледі.

Қабілеті шектеулі адамдарға дәрігердің қорытындысымен, алып кетуге келген туысының немесе мүгедекті бағып, қараймын деген адамның жазбаша тұрдегі міндеттемесі бойынша уақытша кетуіне рұқсат беріледі.

28. Директор қарттар мен мүгедектерді интернат-үйінен интернат үйінің мәдени-тұрмыстық комиссиясының шешімі бойынша:

- қарт адам мен мүгедектің жазбаша өтінішімен, олардың басында баспанасы болып, өзін өзі асырай алатын жағдайда немесе жұмыс істейтін және оны күтіп баға алатын туыстары болған жағдайда;

- үшінші топтағы мүгедек екендігі белгілі болғанда;

- ішкі тәртіп ережелерін үнемі бұзған жағдайда шығара алады.

29. Интернattan өз бетімен шығып кеткен және үш айдан астам уақыт қайтып келмеген қарттар мен мүгедектер мемлекеттік қамтамасыз етілуден босатылады және қайтадан жалпы негіздердеға орналастырылуы мүмкін.

30. Жақындарына және туысқандарына барып келуіне байланысты шығынды қамқорлыққа алушылар өтемейді.

31. Интернат үйінен шығарар кезде қарт адамға немесе мүгедекке жеке өзіне берілген маусымдық киім-кешектер мен аяқкиімдер, олардың мекемеде сақталуы тұрған құнды заттары, сондай-ақ интернат үйінде болған уақыты көрсетілген анықтама беріледі.

4. Интернат үйінен басшылық жасау

32. Интернат үйін Астананың, облыстардың және Алматы қаласының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары тағайындалап, босататын директор

б а с қ а р а д ы .

33. Директор интернат үйінің жұмысына, оның санитарлық-гигиеналық жағдайына, қарттар мен мүгедектердің онда ұсталу және оларға күтім жасалу сапасына, сондай-ақ қамқорлықтағы адамдардың жоғарыда көрсетілген мекемелер мен кәсіпорындарда мертігу немесе қазаға ұшырау жағдайлары үшін жауап **б е р е д і .**

34. Директор интернат үйінің атынан сенім хатсыз-ақ жұмыс істейді, мекемелер мен ұйымдарда оның мүддесін көрсетеді, интернат үйінің мүліктері мен арнайы құралдарына заң белгілеген тәртіпте ие болады, келісім-шарттар жасасады, сенімхаттар, соның ішінде қайта сенімхаттарын береді, банктерде интернат үйінің есеп шотын ашады.

35. Директор еңбек заңына сәйкес интернат үйі бойынша бұйрықтар шығарады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдап, жұмыстан шығарады, интернат үйі қызметкерлеріне тәртіпке шақыру жөнінде жазалар қолданады және оларды жақсы жұмыстары үшін мадақтайды.

Интернат үйінің директоры қызметкерлерді қарттар мен мүгедектерге жоғары деңгейде қызмет еткені және медициналық көмек көрсеткені, сонда тұратындарға мәдениетті түрде қызмет еткені үшін белгіленген тәртіпте мадақтап, оларға сыйлықақы береді.

Директор интернат үйінің қамқорындағыларды, еңбек процесіне белсенді қатысуышыларды арнайы қаражат (еңбекпен емдеу шеберханалары, қосалқы шаруашылық) есебінен мадақтауға құқылы.

36. Интернат үйінің әкімшілігі:

- үлгілі ережелерге сәйкес қарттар мен мүгедектер үшін ішкі тәртіп ережесін **б е л г і л е й д і ;**

- тұрғын үй мен мекемелердің бөледі;

- интернат үйінде тұратындарға мәдени-тұрмыстық комиссияның және қамқорлық жасаушы кеңестің қатысуымен тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуді **ұйымдастырады .**

37. Интернат үйінің жұмысын тексеру, қаржы-шаруашылық жұмысын реквизициялау белгіленген тәртіпте жүргізіледі, бірақ жылына бір реттен аспауға тиіс.

N 1 Қосымша

(Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі ресімдейді)

(әлеуметтік қорғау бөлімі)

Қарт адамнан немесе мүгедектен _____

төлкүжаты: сериясы _____ N _____ берілді

тіркелім жері _____
Туған жері: күні _____ айы _____ жылы _____
Білімі _____
Мамандығы _____
Зейнетақы түрі және мөлшері _____
Мұғедектік тобы _____
Қайта куәландыру мерзімі _____
Соңғы жұмыс орны _____
Тұрғын үй жағдайы _____
(жеке меншік үй, пәтер, жатақханадағы бөлмесі т.т.)
Ет жақын туыстары бар ма _____
(туысқандық қатысы, жасы, отбасы жағдайы,

әлеуметтік мәртебесі, еңбек ақысы, тұратын мекен-жайы)

А Р Ы З

Жалпы үлгідегі интернат үйіне мені тұрақты (уақытша) тұруға
қабылдауларыңызды өтінемін, тұрмыстық _____
(себебі көрсетілсін)

қызмет көрсетуге және бағып-қафуға мұқтажбын
Интернат үйіне қабылдау, бағу және одан шыгару туралы
жағдайлармен оқып таныстым.

(күні) (қолы)

Төлкүжаты және зейнеткерлік іс қағазы жөніндегі мәліметті тексердім

(аты-жөні, қызметі)
199 __ ж. " " арызы тіркелді.
Маман _____ " " 199 __ ж.
(қолы)